



Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Үкіметінің арасындағы Келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1995 жылғы 20 сәуір N 2218

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының Z933600_2-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Үкіметінің арасындағы 1994 жылғы 17 қыркүйекте Алматыда қол қойылған Келісім бекітілсін.

2. Осы Жарлық жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті